



**«Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «01130100 - Тәрбие жұмысын ұйымдастыру» (деңгейлері бойынша) мамандығы, 4S01130101-Арнайы (түзету) интернаттық ұйымның тәрбиешісі, 4S01130102 - Білім беру ұйымының тәрбиешісі, 4S01130103 - Тәрбиеші - ана» (патронаттық тәрбиеші) біліктіліктеріне, «01130200 - Қосымша білім беру» мамандығы, 4S01130201 «Қосымша білім беру педагогы» (бағыттары бойынша), 4S01130202 - Педагог-ұйымдастырушы», 4S01130203 - Білім беру ұйымының тәлімгері біліктіліктеріне арналған «Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Тәрбие педагогикалық құбылыс ретінде	01	Тәрбие туралы алғашқы түсініктер. Тәрбие түсінігі, оның негізгі белгілері. Тәрбиенің қазіргі парадигмасы: оның прогрессивтік идеялары. Бала - ең жоғарғы құндылық. Тәрбие жүйесі. Тәрбие мазмұны. Оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғалы көзқарас. Тәрбие, оның ерекшелігі және өзіне тән сипаттамасы.
02	Тәрбиенің теориялық негіздері	02	Тәрбие мақсаты мен міндеттері. Оны ұйымдастырудың стратегиясы мен тактикасы. Баланың үйлесімді дамуы туралы түсінік. Тәрбие заңдылықтары мен қағидалары.
03	Тәрбиелеу ортасы және оны дамыту	03	«Тәрбиелеуші орта» түсінігі. Орта: табиғи, географиялық, әлеуметтік. Микроорта. Макроорта. «Фактор», «жағдай», «тәрбие», «тәрбие кеңістігі» түсініктері. Отбасы: түсінігі, атқаратын қызметі. Отбасы типтері. Отбасылық тәрбиенің өзіне тән ерекшеліктері. «Ұжым», «тәрбие ұжымы», «оқушылар ұжымы», «педагогтер ұжымы» түсінігі. Балалар ұжымы. Уақытша балалар ұжымы. Ұжым белгілері. Ұжымның өзіне тән ерекшелігі және педагог ұстанымы. Ұжым құрылымы. Балалар ұжымының дамуы. Ұжым дамуын педагогикалық тұрғыда басқару.
04	Қазіргі заман мектебіндегі тәрбие мазмұны.	04	Балалар мен жастарды тәрбиелеудің негізгі тенденциялары мен мәселелері, мазмұны. Балаларды тәрбиелеудің бағдарламасы. Тәрбие негізі - педагогтер мен тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты. Салауатты өмір салты және тәрбие. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушының атқаратын қызметі және міндеттері, жұмысының мазмұны.

05	Тәрбие әдістемесі негіздері	05	Тәрбие әдістері, тәсілдері және құралдары. Тәрбие әдістерінің жіктелуі. «Тәрбие құралдары» түсінігі. Тәрбие құралдарын таңдау. «Тәрбие әдістемесі» және «тәрбие технологиясы» түсінігі. Педагогикалық технологиялар түсінігі. Тәрбиенің қазіргі технологиялары. Тәрбие технологиясының ерекшелігі.
06	Тәрбиенің басым бағыттары	06	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие. Рухани-адамгершілік тәрбие. Ұлттық тәрбие. Отбасы тәрбиесі. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.
07	Тәрбие үрдісін ұйымдастыру	07	Тәрбиешінің жобалау қызметі. Тәрбие жұмысын жоспарлау қағидалары. Жоспарлаудың басты міндеттері. Тәрбие жұмысын жоспарлау. Тәрбие жұмысын жоспарлауға қойылатын талаптар. Тәрбие жұмысы жоспарларының құрылымы, түрлері. Ұжымдық шығармашылық істі (КТД) ұйымдастыру кезеңі және әдіс-тәсілдері, шығармашылық сипаты. Мектептің тәрбие жүйесіндегі өзін-өзі басқару және бірлесіп басқару. Туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру. Өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі.
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық деректер, сурет және т.б.).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Тәрбие педагогикалық құбылыс ретінде.** Тәрбие туралы алғашқы түсініктер. Тәрбие түсінігі, оның негізгі белгілері. Тәрбиенің қазіргі парадигмасы; оның прогрессивтік идеялары. Бала - ең жоғарғы құндылық. Тәрбие мақсаты. Тәрбие жүйесі. Тәрбие мазмұны. Оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғалы көзқарас. Тәрбие, оның ерекшелігі және өзіне тән сипаттамасы.

**Тәрбиенің теориялық негіздері.** Тәрбие мақсаты мен міндеттері. Оны ұйымдастырудың стратегиясы мен тактикасы. Баланың үйлесімді дамуы туралы түсінік. Тәрбие заңдылықтары мен қағидалары.

**Тәрбиелеу ортасы және оны дамыту.** «Тәрбиелеуші орта» түсінігі. Орта: табиғи, географиялық, әлеуметтік. Микроорта. Макроорта. «Фактор», «жағдай», «тәрбие», «тәрбие кеңістігі» түсініктері. Тәрбиелеу жағдайы. Әлеуметтік бейімделу тәрбиесі және процесі. Тәрбиенің әлеуметтік мәдени ортасы түсінігі. Әлеуметтік мәдени тәрбие ортасын құру. Мектептің педагогикалық мәдениеті. Үй және отбасы мәдениеті. Аула мәдениеті. Отбасы: түсінігі, атқаратын қызметі. Отбасы типтері. Отбасылық тәрбиенің өзіне тән ерекшеліктері. Отбасылық тәрбиенің үш стилі. Отбасындағы дағдарыс және мәселелер (демографиялық, әлеуметтік). Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық өзара қарым-қатынастар (ата-ана тәрбиесі). Ата-ана тәрбиесі: түсінігі, мәні, міндеті. Ата-ана тәрбиесінің мақсаты мен маңызы. Ата-аналардың тәрбие қызметтері. Ата-аналардың педагогикалық білімнің бала тәрбиесін анықтайтын фактор екендігін ұғынуы. Отбасының атқаратын қызметі. Отбасының әлеуметтік міндеттері. Отбасы дамуының негізгі кезеңдері және оның ішкі атқаратын қызметтері. Отбасының дамуын қамтамасыз етудегі ата-ана тәрбиесінің рөлі. Ата-ана тәрбиесі саласындағы білім мазмұны. Отбасы және бала тәрбиесі жайлы ақпарат. Ата-аналарға берілетін педагогикалық ақпарат түрлері. Формальды емес түрі. Бейресми түрі. Ресми түрі. «Ұжым», «тәрбие ұжымы», «оқушылар ұжымы», «педагогтер ұжымы» түсінігі. Балалар ұжымы. Уақытша балалар ұжымы. Ұжым белгілері. Ұжымның өзіне тән ерекшелігі және педагог ұстанымы. Ұжым құрылымы. Ұжымдағы әлеуметтік рөл. Балалар ұжымының дамуы. Ұжымның даму деңгейі. Ұжым дамуын педагогикалық тұрғыда басқару.

**Қазіргі заман мектебіндегі тәрбие мазмұны.** Тәрбие мәселелері. Тәрбие тұжырымдамасы. Тәрбиенің басты компоненттері: еркін тұлғаны тәрбиелеу, ізгі жеке тұлғаны тәрбиелеу, рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеу; шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу; практикасы мол жеке тұлғаны тәрбиелеу. Қазіргі мектептегі тәрбиеліліктің мазмұны. Оқу және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі. Ұлы ойшылдар, өткен ғасыр педагогтерінің еңбектерінде тәрбие мазмұнына берілген анықтамалар. Тәрбие мақсаты, оның стратегиялық міндеттері.

Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы. Балалар мен жастарды тәрбиелеудің негізгі тенденциялары мен мәселелері. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері. Тәрбиені ұйымдастырудың негізгі қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басты бағыттары. Бағдарламаның жүзеге асуын қамтамасыз ету. Бағдарламаны ұйымдастыру және орындалуын бақылау. Мектеп оқушыларын тәрбиелеудің аймақтық бағдарламасы. Бағдарлама мақсаты және міндеттері, жұмыс мазмұны мен түрлері.

Тәрбие негізі - педагогтер мен тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты Түсініктер: денсаулық пен өмір, дені сау бала және тәрбие үдерісі. Салауатты өмір салты. Салауатты өмір салты және тәрбие. Салауатты өмір салтын ынталандыратын тәрбие жұмысының негізгі бағыты. Салауатты өмір салтының басты үш идеясы: тән үйлесімділігі, рухтың күштілігі, ақыл-ой айқындылығы. Тәрбие үдерісінде салауатты өмір салтын құру және ынталандыру қағидалары. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушының мазмұны, міндеті Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушының лауазымдық міндеттері. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушының атқаратын қызметі және міндеттері. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы жұмысының мазмұны. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушысының жұмыс түрлері.

**Тәрбие әдістемесі негіздері.** Тәрбие түсінігі және мәні. Тәрбие әдістерінің жіктелуі. Сендіру әдістері. Оқушылар өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері. Талап. Үйрету. Жаттығу, тәрбиелеу жағдаяттарын құру. Тәрбиелеудің қайта бағалау әдістері: қолдау және талқылау, ынталандыру және жазалау. «Тәрбие құралдары» түсінігі. Тәрбие құралдарын таңдау. Бес тірек нүктелері - табиғат, мәдениет, іс, адамдар, мен өзім – ең жоғарғы құндылық. Медиа білім беру тәрбие құралы ретінде. «Тәрбие әдістемесі» және «тәрбие технологиясы» түсінігі. Педагогикалық технологиялар түсінігі. Тәрбие технологиясының ерекшелігі.

**Тәрбиенің басым бағыттары.** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриот; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті; балалар мен жастардың құқықтық санасы, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығы. Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарым, нормалары және дәстүрлері келісілген руханиадамгершілік және этикалық ұстанымдары, моральдық қасиеттері және көзқарастары. Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтары, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуі. Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық - педагогикалық құзыреттіліктері және жауапкершіліктері. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауы және экологиялық мәдениеті. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын, ақпараттық мәдениетін дамыту. Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Тәрбие үрдісін ұйымдастыру.** Тәрбиешінің жобалау қызметі. Тәрбие жұмысын жоспарлау қағидалары. Жоспарлаудың басты міндеттері. Жоспар. Тәрбие жұмысын жоспарлау. Тәрбие

жұмысын жоспарлауға қойылатын талаптар. Жоспарлау барысындағы жеке және жас ерекшелігін ескеру. Жоспарлау алгоритмі. Жоспарлау көздері. Тәрбие үдерісінің жоспарын құру. Тәрбие жұмысы жоспарларының құрылымы, түрлері. Тәрбие жұмысының болашаққа арналған жоспары. Тәрбие жұмысының күнтізбелік жоспары. Ағымдық жоспарлау. Торкөз жоспар (План-сетка). Мектеп, сынып, топтың жұмыс жоспары. Тәрбие жұмысының түрлері, тәрбие іс-шаралары туралы түсінік. Дәстүрлі, арнайы ұйымдастырылған, тұрақты, эпизодтық, клубтық, тәрбие орталықтары, балалар шығармашылығының орталықтары. Тәрбие жұмысының түрлеріне қойылатын педагогикалық талаптар. Ойын құралдары. Ұжымдық шығармашылық істі (КТД) ұйымдастыру кезеңі және әдіс-тәсілдері, шығармашылық сипаты. Мектептің тәрбие жүйесіндегі өзін-өзі басқару және бірлесіп басқару. Мектептің өзін-өзі басқару қағидалары. Оқушылық өзін-өзі басқарудың дамуы. Жалпы мектептік өзін-өзі басқарудың негізгі қызметтері. Өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру нысандары. Оқушылық өзін-өзі басқарудың түрлі жүйесі. Өзін-өзі басқарудың педагогикалық негіздері. Балалардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырудағы педагогтің рөлі. Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін құру әдістемесі. Оқушылық өзін-өзі басқару құрылымы. Өзін-өзі басқару мүшелерін дайындау жұмысының мазмұны. Туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру. Мектеп оқушыларының туристік-өлкетану жұмысының міндеттері. Туған өлкеге жорықты ұйымдастыру. Жорыққа қатысушылардың міндеттері. Өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу әдістемесі. Сайыстар, викториналар, конференциялар, олимпиадалар, кештер, көрмелер, жобалар, топсаяхаттар және т.с.с.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5-2минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.


**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есқалиева С.Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі –Астана: Фолиант, 2014.
2. Әбенбаев.С., Ахметова Г. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. –Астана:Фолиант, 2017ж.
3. Ш.Құрманалина, Б.Мұқанова, Ә.Ғалымова «Педагогика» -Астана:, 2014.- 472 бет.
4. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.- Астана 2015ж.

5. Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы ереже –Астана, 2013 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті



(қолы)

(Т.А.Ә)

«\_\_»

2023ж.

